



ҚАЗАҚСТАН МЕН АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ КЕҢЕЙТУГЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУДЕ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РУАНДА ПРЕЗИДЕНТІ ПОЛЬ КАГАМЕМЕН
КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



шылары екіжақты ықпалдастықтың басым бағыттарын, соның ішінде сауда, инвестиция, көлік, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технология, электрондық үкімет және қаржы салаларындағы байланыстарды дамытуға уағдаласты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Руанда Президенті Поль Кагаме Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Ресми делегация мүшелері мынадай құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Руанда Республикасы Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрлігі арасында саяси және дипломатиялық консультациялар бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Руанда Республикасы Қаржы және экономикалық жоспарлау министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;
3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Руанда Республикасы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновация министрлігі арасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Руанда Республикасы Білім министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Руанда Республикасы Ауыл және мал шаруашылығы министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
6. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Rwanda Mines, Petroleum and Gas Board арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім;
7. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Руанда Республикасы Даму кеңесінің арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
8. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Руанда Республикасы Сауда және индустрия министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
9. «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ мен Руанда Республикасы Даму кеңесінің арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

ҚАЗАҚСТАН МЕН РУАНДА ПРЕЗИДЕНТТЕРІ БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ



Мемлекет басшысы Президент Поль Кагамемен Қазақстанға ресми сапармен келгеніне ризашылығын білдіріп, елдеріміз үшін мән-маңызы зор келіссөздер жүргізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, Африка құрлығының халықаралық ықпалы жылдан жылға күшейіп келеді. Қазақстан осы аймақтағы елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше мән беріп отыр.

Біз Руанданы Африкадағы сенімді серіктесіміздің бірі ретінде қарастырамыз. Сондай-ақ, өзара әріптестікті одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Бүгінгі кездесу мазмұнды әрі мағыналы болды. Біз екіжақты ынтымақтастықты күшейту жолдарын талқыладық. Нақты келісімдерге қол жеткіздік. Екі ел арасындағы саяси диалогты дамытуға уағдаластық. Алдағы уақытта Сыртқы істер министрліктері жоғары деңгейдегі кездесулер өткізетін болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Руанда дипломатиялық және қызметтік төлқұжат иелерін визалық талаптардан босатуға келіскеніне тоқталды.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары парламентаралық дипломатия мәселесін пысықтағанын жеткізді. Сондай-ақ, көлік-логистика және сауда салаларында бірлескен жұмыс топтарын құру туралы келісім жасады. Қазақстан Президенті мұны сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытудың тетігі санайды.

Бұл ретте халықаралық дәліздердің мүмкіндігін талқыладық. Келіссөз барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін пысықтадық. Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін Африка құрлығына тасымалдау жолдарын қарастырдық. Елдеріміз озық технология, жасанды интеллект және ғарыш саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Біз цифрландыру және киберқауіпсіздік мәселелеріне қатысты ортақ жобаларды қолға аламыз деп

келістік. Ғарыш кеңістігін бірлесіп игеру жөнінде уағдаластыққа қол жеткіздік. Мұндай қадам мемлекеттік қызмет пен бизнестің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Руанда жасыл энергетика саласын өркендетіп, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүдделі екенін айтты. Осыған орай қос мемлекет бірлескен жобаларды жүзеге

асыруға ниетті. Бұл уағдаластықтар сауда-саттық көлемін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар екі елдің инвестициялық ықпалдастығына тың серпін береді.

Бүгінде Астана мен Кигалидің халықаралық қаржы орталықтары арасында тығыз байланыс бар. Біз жаһандық қаржы нарығындағы осы байланысты одан әрі нығайтуға келістік. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Руанданың

климатты сақтау бағытында мол тәжірибесі бар. Соның арқасында жаһандық жобаларға зор үлес қосып келеді. Осы ретте тәжірибе алмасудың өзекті екенін атап өттік. Халықаралық конвенциялар мен келісімдер аясында экология мәселелерін шешу үшін күш біріктіру жолдарын талқыладық, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгінгі келіссөздер кезінде мәдениет, білім-ғылым салаларындағы ынтымақтастыққа да ерекше назар аударылды.

Атап айтқанда, президенттер академиялық байланысты дамытуға, студент алмасуға, сондай-ақ, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге келісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Поль Кагамемен әлемдік саясатта мол тәжірибесі, беделі бар Президент ретінде атап өтіп, жаһандық мәселелер жөнінде пікір алмасқанына тоқталды.

Екі елдің халықаралық түйткілдерге қатысты ұстанымдары ортақ деп айтуға болады. Біз жаһандық дағдарыстың бәрін тек дипломатиялық жолмен шешу керек деп есептейміз. Бейбіт келіссөздер жүргізуді қолдаймыз. Бұған қоса, халықаралық ұйымдар аясында өзара ықпалдастықты күшейтуге уағдаластық. Бастама-ларымыз бойынша бір-бірімізге қолдау көрсетуге келістік. Президент Кагаме мырзаның елімізге ресми сапарының тарихи маңызы бар. Біз екіжақты байланысты дамытуға, түрлі саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенімізді растадық. Бүгінгі келіссөздің нәтижесі – соның айқын дәлелі. Енді осы келісімдерді сапалы жүзеге асыруымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Поль Кагаме бүгінгі келіссөздердің қорытындысын жоғары бағалады.

Қазақстан Президентімен өте нәтижелі келіссөз жүргіздік. Елдеріміз арасындағы берік достық өзара серіктестігімізді одан әрі нығайтуға негіз болады. Келісімдерге қол қою арқылы ынтымақтастық мүмкіндіктерін арттыруға ниеттіміз. Екі мемлекеттің сауда, технология және ауыл шаруашылығы салаларында бір-бірінен үйренері көп. Біз «Самұрық-Қазына» АҚ мен Rwanda Mines, Petroleum and Gas Board арасында келісім жасалуын құптаймыз. Руанда Қазақстанның энергетика, тау-кен өнеркәсібі және минералдарды өңдеу салаларындағы инновацияларын игеру арқылы айтарлықтай пайдаға кенеле алады, – деді Руанда Президенті.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА - 3 ЖЫЛ:

Шамамен 1 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, кезекте тұрған 5735 адам үйі болды



ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

- Қазір 25 жасқа келдім. 2011 жылдан бастап тұрғын үйге кезегінде тұрамын. Өзім кішкентайымнан әжемнің қолында өстім. Осы кезге дейін әйел, бала-шағаммен бірге әжемнің үйінде бірге тұрдық. Әрине, өз үйіміз болса деп армандадық, әсіресе екі қызым өз бөлмеміз болса дейтін. Енді, міне, үйімізге қол жеткіздік, қуанышымызда шек жоқ, - деді.

Ал, өткен жылы Республика күніне орай Көксу ауданының тұрғындары да өз үйлерінің кілтін қолына алды. Солардың бірі Жарлыөзек ауылының тұрғыны Рукия Райым өз пікірін білдірді:

- Көп балалы анамын, тұрғын үйге кезегінде 8 жыл тұрдым. Бес балам бар. Ең үлкені 10 жаста, ал кішісі 1,5 жаста. Жұбайым Кербұлақ ауданындағы цемент зауытында жұмыс істейді, өзін үй шаруасындамын. Әрине, балалармен жалдамалы пәтерлерге көшіп жүру қаржылық жағынан да, моральдық жағынан да қиыншылық туғызатын. Қазір балаларымның өз бөлмесі бар. Үй кең, жарық, жылы, - дейді ол.

Атап өтсек, осы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша Жетісу облысында тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтардың саны 31 619 адам, оның 15 мыңнан астамы Талдықорғанда тұрады. Өңірде өткен жылдың қорытындысы бойынша қабылданған шаралардың арқасында облыс орталығындағы тұрғын үйге кезек 8,3% - ға төмендеді. Осы жылы тағы 1400-ден астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуді жоспарланып отыр. Осылайша, 2023-2025 жылдары облыс орталығында 5 мыңға жуық кезекте тұрғандар қолжетімді баспанамен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар Жетісу облысында тұрғын үй тек облыс орталығы мен аудан орталықтарында ғана емес, ауылдық жерлерде де салынауда, бұл ауылдардың дамуына ықпал етіп, халықтың көшіп кетуін болдырмау үшін қажет.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ретте жыл басынан бері тұрғын үйдің жоспарланған көлемінің 72,1 мың шаршы метрі пайдалануға берілді. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалпы ауданы 15,2 мың шаршы метр болатын 258 пәтер сатып алуға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

Биыл барлық бағыттар бойынша облыстың 2026 тұрғынын баспанамен қамту жоспарланған. Бұл ретте жыл басынан бері 114 көпбалалы отбасы, 49 жетім бала және халықтың әлеуметтік осал санатынан кезекте тұрған 153 адам - жалпы саны 361 адам Ақсу, Алакөл, Сарқан, Көксу, Қаратал, Кербұлақ, Ескелді, Панфилов аудандары мен Текелі, Талдықорған қалаларында тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Талдықорғанның жаңа шағын ауданында 60 пәтерлік көп қабатты үйден жаңа пәтерге ие болғандардың бірі - көп балалы ана Эльмира Көбегенова.

- Көп балалы отбасы ретінде он жылдам астам уақыт кезекте тұрдық. Төрт балам бар, екеуі мектепте оқиды. Өзім аспаз болып жұмыс істеймін. Бүгін, міне, 2 бөлмелі пәтерге ие болып отырмыз. Әулетіміздің қуанышында шек жоқ. Осындай қуаныш ер отбасына жұғысты болсын, - деді көп балалы ана.

Тұрғын үй кілтін алғандардың қатарындағы Шабельский отбасы да бар. Олар қаланың жаңа «Жа-стар-3» шағын ауданынан жаңа баспанаға ие болды. Жас отағасы Святослав Алексеевич:

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Бүгін Талдықорған қаласында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаевтың төрағалығымен Жетісу облысы мәслихатының кезекті XXVIII сессиясы өтті.

Жиында басты баяндаманы облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Рауан Дауталинов жасады. Ол өз сөзінде 2024 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайғанын атап өтті. Осы жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 116,2% құраған. Басты басымдықтардың қатарында Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейінгі елді мекендерді газдандыру жұмыстары бар. Бүгінгі таңда 84 ауыл газдандырылды, ал жыл соңына дейін газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетіп, тағы 42 елді мекен газға қосылады. Мемлекеттік бағдарламаның екінші басымдығы - сумен жабдықтау нысандарын салу және жаңғырту. Жалпы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған, оның ішінде тұрғын үй құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымға қатысты негізгі және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға қаражат бөлу көзделген.

Мұнан соң Жетісу облысының 2024 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы облыстық қаржы басқармасының басшысы Жанар Керімбекова, Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Ардақ Тоқбергенов баяндады.

Жалпы осы күні сессияда тоғыз мәселе қаралды. Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев өңірдің маңызды мәселелерін шешуге белсенді қатысқандары үшін депутаттарға алғыс білдіріп, облысты орнықты дамыту және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бірлескен жұмыстың маңызды екенін атап өтті.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуретті түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

“ЖЕТІСУДЫҢ 7 КЕРЕМЕТІ” ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Жетісу облысы - табиғаты және тарихи көрнекті орындары жағынан ерекше туристік тартымды аймақ. Өңірде өлкенің туристік әлеуетін көпшілікке кеңірек таныту мақсатында «Жетісудың 7 кереметі» жобасы қолға алынды. Соның аясында жобаға таңдалып алынған жеті нысанның ерекшелігі мен сипатын ашатын бейнероликтер түсіріліп ұсыныла бастады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, «Visit Zhetysay» туристік ақпараттық орталығы тарапынан іске асырылып отырған жобаның алғашқы бейнеролигі «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне арналады. Соның ішінде «Алтынемел» паркінің табиғи ландшафтары, археологиялық ескерткіштер мен сирек кездесетін флорасы мен фаунасы, биіктігі 150 метрді құрайтын үлкен құмды төбе - музыкаға ұқсас дыбыстар шығаратын қасиетімен танымал

«Айғайқұм», Ақтау және Қатутау таулары, оған қоса ұзақ жыл тіршілік етудің көрнекті белгісіне айналған 700 жылдық Ива ағашының да ерекшелігі таныстырылады. Және Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан «Бесшатыр сақ қорғандары» сақ - тиграхауд билеушілері қорғандарының археологиялық кешені де бейнероликте кеңінен насихатталады.

Атап өтсек, «Жетісудың 7 кереметі жобасы» аясында басқа да нысандар бойынша әзірленген танымдық бейнероликтер көпшілікке апта сайын ұсынылады деп жоспарланған.

Жалпы жоба өлкеге туристерді көптеп тартуға ықпал етуді, сол сияқты аймақтағы табиғи - тарихи орындар туралы халықтың танымдық білімін кеңейтуді мақсат етіп отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АЙДАРБЕК САПАРОВ ЖЕТІСУ ДИҚАНДАРЫМЕН ЖҮГЕРІ САЛАСЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫ ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Жұмыс сапары аясында ауылшаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров өңірдің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерімен кездесу өткізді. Кездесудің басты тақырыбы - жүгері өсіруді дамыту, ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және экспорттық әлеуетті арттыру болды.

Министр Жетісу - еліміздің ауылшаруашылығы дамыған негізгі өңірлерінің бірі екенін атап өтті. Мұнда ауылшаруашылығы жалпы өңірлік өнімінің шамамен 13%-ын құрайды. Климаттық жағдайдың қолайлылығы және Қытай Халық Республикасына географиялық жақындығы экспортқа бағытталған жобаларды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді.

2025 жылы өңірде құны 29 млрд. теңге болатын агроөнеркәсіптік кешен бойынша 9 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың қатарында бордақылау алаңдарын, құс фабрикасын, жылыжайды салу және ет комбинатын кеңейту бар. Жалпы республика бойынша биыл АӨК саласында 1 трлн теңгеден асатын 249 жобаны жүзеге асыру көзделген.

Кездесу барысында жүгеріні терең қайта өңдеу перспективаларына ерекше көңіл бөлінді. 2024 жылы өңірде 297 мың тонна жүгері жиналып, оның 135 мың тоннасы қайта өңделді, ал 76,8 мың тоннасы экспортталды. Осыған байланысты министр Панфилов ауданында жаңа қайта өңдеу кәсіпорнын салу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Өңірдің экспорттық әлеуеті жоғары, әсіресе, Қытай бағытына. 2023 жылы ҚХР-ға астық жеткізу көлемі 5,5 есе артып, 1,4 млн. тоннаға жетті. 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта жеткізу көлемі 27%-ға өсіп, 1,859 млн. тоннаны құрады. Қытай тарапымен 29 түрлі өнім бойынша

екіжақты хаттамаларға қол қойылуына байланысты жеткізілетін өнім түрлерін кеңейту жұмыстары жалғасуда. Осыған орай, жеткізілетін өнім сапасын арттыру мақсатында Алашанькоу станциясында қазақстан-қытай бірлескен арбитраждық зертханасын құру жобасы қарастырылуда.

Шаруалар жүгері өсіруді дамыту, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, ара шаруашылығын дамыту және өнімді терең өңдеу мәселелерін көтерді. Барлық ұсыныстар назарға алынып, жұмысқа қабылданды.

Министр сондай-ақ, өңірдің негізгі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметімен танысты. Олардың қатарында жүгері өсірумен айналысатын ірі шаруашылықтардың бірі - «Көктал Агро» ЖШС бар. Бұл шаруашылық 2024 жылдан бастап СҚО-ның тәжірибесін тарату бағдарламасы аясында 387 гектар жерге таныштырып суару жобасын іске асыруда. Сонымен қатар тәулігіне 15 тонна сүт өндіретін сүт фермасына да барды.

Жұмыс сапарының маңызды нысандарының бірі - «Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС болды. Жүгеріні терең өңдеу бойынша өңірдегі жетекші кәсіпорын жылына 150 мың тоннаға дейін шикізат өңдей алады. 2024 жылы 100 мың тонна жүгері қабылданып, крахмал, сірне, жүгері майы және құрама жем түрінде 72 мың тонна дайын өнім шығарылды. Биылғы жылдың алғашқы төрт айында 23 578 тонна өнім өндірілді.

Өнімдер Орталық Азия елдеріне экспортталады. Ауылшаруашылығы министрлігі қосылған құны жоғары өндірістерді дамытуға және экспорттық әлеуетті кеңейтуге бағытталған аграрлық секторды қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастыруда.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ.

31 МАМЫР - САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ!

(АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫ МЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ СҮЛЕЙМЕНОВ БЕЙБІТ ЖАҢЫЛЫСҰЛЫ, МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ МЕН САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІ!)



Жыл сайын 31 мамыр Қазақстанда саяси қуғын - сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде атап өтіледі.

Аштық пен жаппай қуғын - сүргін ХХ ғасырдың 20 - 50 - ші жылдарындағы тарихи шежіренің ең қаралы беттерінің бірі.

Қуғын - сүргін қасіреті нәубетінен 100 мыңнан астам қазақстандық өтті, олардың 25 мыңнан астамы атылды.

Жазықсыз сотталғандардың қатарында біздің ауданымыздан шыққан көрнекті мемлекет және саяси қайраткерлер де бар Солардың бірі - Ілияс Жансүгіров атамыз.

1937 - 1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялы қауымының



31 МАМЫР

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



қоюдан басталады. Алдымен аудан орталығындағы орталық алаңда Ілияс Жансүгіров атамыздың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып еске алу күніне арналған жаппай қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Сондай - ақ, Сағабүйен ауылындағы ашаршылықтан қайтыс болған 98 баланың және саяси қуғын сүргін құрбандарының белгітастарына гүл қойып, құран бағыштаумен еске алу шарасы өтеді.

Белгітас басында үлкендер, ауылдың ақсақалдары жастарға тарихи естеліктер айтады.

Еліміздің, туған жеріміздің азаттығы деп шырылдаған азаматтар мәңгі есімізде.

ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ КЕМЕЛ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!



Құрметті балалар! Қадірлі ата - аналар!

Жүзімізді жадыратып, жүректегі мұзды ерітетін сәбидің сыңғыр күлкісі екені белгілі. Ата - ана үшін бөбегінің қуанышы мен баянды болашағынан қымбат дүние жоқ! Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының «Дүниеде баланың у - шуына жетер не бар? Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес», - дегені есімізде.

Балалы үйді базарға теңеген бабалардың сөзі де санамызда. Балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз

қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырған халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылдан бастап, жаздың алғашқы күнімен қатар келіп, аталып өтілуде.

Бұл күнде бала тыныштығы мен болашағын бүкіл әлем болып қорғалатын күн ретінде мерекелейді.

Мамыражай тіршіліктің саясында бүр жарып, гүлдеп, өсіп келе жатқан жас қазақстандықтардың кемел келешегіне Президентіміз Қасым - Жомарт Тоқаев үлкен себебін тигізуде.

Қазақстанның жарқын болашағы өз қолымызда, яғни, ел тағдырына бей-жай қарамайтын, нағыз отаншыл, ниеттес, мүдделес азаматтардың қолында. Өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін.

Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті

түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек - деді Мемлекет басшысы.

Балаларымыздың білім алуы мен мүмкіндігін таныту жолында біршама істер жалғасын тауып, жасалуға тиісті жағдайлар да жүзеге асып жатыр деп сеніммен айта аламыз.

Құрметті балауса балғындар!

Сіздерді 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қуаныш пен шаттықтың ортасында ойнап - күліп, есен де сау ел мақтаныштары болуларыңызға тілектеспін! Көк аспандарыңыз әрдайым ашық болып, Тәуелсіз мемлекетіміз, Сіздермен, өркендеп, көркейе берсін.

Ата - аналарыңыздың үмітін ақтап, үлкен азамат болып өсе беріңіздер!

1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!

БАЛДЫРҒАНДАР - ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҚТАРЫ!

Сендерді 1 маусым "Балаларды қорғау" күнімен құттықтаймын! Әр уақытта аспандарың ашық, дендерің сау болып, Отанымыздың мақтанышы болуларыңа тілектеспін!

Құрметті балалар, достар, ата - аналар! Сіздерді бүгінгі 1 маусым - Балаларды Қорғау күнімен құттықтаймын! Еліміздегі жас өскелең ұрпақ аман болсын! Жұртымыз, еліміз тыныш, деніміз сау, басымыз аман, жұмысымыз жемісті болсын!

Жас ұрпақ, жас буын, жасөспірімдеріміз аман болсын. Елдің ертеңі болар сол жастарымыз бен балаларымыз! Сондықтан тағы да мереке құтты болсын!

Балаларды қорғау күні олардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы десек, артық айтқандық емес.

Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі — балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

Сондықтан бала қуанышын бағына балаған ата-ана үшін де, бар тілегі мен елдік мұратын балалармен байланыстырған мемлекет үшін де бұл мерекенің маңызы мен мағынасы зор.

Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет — болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру.

1 маусым - Балаларымызды Қорғау күні құтты болсын!

Балалар аман болсын, денсаулығы мықты болсын! Балалардың жолы ашық болып, ойлаған армандарына жетсін, біздердің қуанышымыз болсын!

ӘРКІМ РЕСПУБЛИКАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН ҚҰРМЕТТЕУГЕ МІНДЕТТІ. Қазақстан Республикасының Конституциясы 34-бап.

РӘМІЗДЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды ел тарихындағы айтулы мерекелердің бірі - Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік рәміздер - әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдірумен қатар, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін айшықты белгілер. Еркіндігіміздің Көк байрағы көкте желбіреп, Елтаңба төрде орнығып, Өнұран шырқала орындалғанда, ата-бабаларымыз сан ғасырлар аңсаған елдік қалпымыз бен сүттей ұйыған тірлігімізге шүкіршілік айтып, толқымайтын жан, селт

етпейтін көңіл жоқ шығар.

Біздің тағылымды тарихымыздан сыр шертер мазмұны терең нышандарымыз кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Түптеп келгенде рәміздердегі нышандар арқылы ұлтымыздың әлем алдындағы бейнесі қалыптасады. Сондықтан, әрбір Қазақстан азаматы үшін мемлекеттік рәміздер - қастерлі!

Отанға деген сүйіспеншілікті әрбір жүрекке ұялататын елдің нышандары екені сөзсіз. Олай болса, Тәуелсіздік төсбелгісіне айналған рәміздерімізді құрметтеу, мақтан тұту әрбір азамат үшін қасиетті борыш.



4 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Ардақты ағайын!

Баршаңызды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтай отырып, әрдайым ел іші мерекелі де берекелі, елтаңбамыз - еңселі, туымыз - тұғырлы, әнұранымыз - айбынды болсын деймін. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін!

Бірлігіміз жарасып, еліміздің жарқын болашаққа бастар жолында нық қадам жасап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздеріміздің мәртебесі биік болсын!

Мереке құтты болсын ақсулық жерлестер!

"ТҮНГІ ҚАЛА" РЕЙДІ:**ЖАСӨСПІРІМДЕР
ТӘРТІБІ
БАҚЫЛАУДА**

Ақсу ауданында көмелетке толмағандар арасындағы «Түнгі қала» атты кезекті рейдтік іс-шара үнемі ұйымдастырылады. Түнгі рейд шарасының басты мақсаты - өңірдегі жасөспірімдер арасында орын алатын құқық бұзушылықтың алдын-алу. Осы бағытта көмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар түнгі дүкендер мен қоғамдық ойын-сауық орындарының өкімшіліктерімен бірлескен шараларды ұдайы ұйымдастырады.

Рейдке аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері, білім бөлімінің өкілдері, жастар ресурстық орталығының мамандары мен жергілікті атқарушы орган өкілдері жұмылдырылды. Топ мүшелері түнгі уақытта аудан аумағындағы көшелерді, саябақтарды, ойын-сауық орындарын, дүкендер мен қоғамдық орындарды аралап, көмелетке толмаған балалардың қатысуымен болатын заң бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шара барысында бірнеше жасөспірімнің түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің ертуінсіз жүргені анықталып, олардың ата-аналарына қатысты өкімшілік шаралар қолданылды. Сонымен қатар, рейд барысында жасөспірімдерге темекі және спирттік ішімдіктер сату фактілерінің алдын алу мақсатында сауда орындарына да тексеру жүргізілді. Мұндай профилактикалық шаралар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ата-аналардың жауапкершілігін арттыруға сеп болады.

«Түнгі қала» рейдінің басты мақсаты - көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және отбасымен байланысын нығайту. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады, - дейді Ақсу аудандық полиция бөлімінің өкілі.

Рейд барысында ата-аналарға және жасөспірімдерге түнгі уақытта көшеде жүрудің салдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шара алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп, аудан көлемінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасатын болады.

Ш.ЖҰМАДИЛОВА,
аудандық білім
бөлімінің әдіскері.

**ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЖЕТІСУ
Өңірінің Халқымен Кездесу**

23 мамырда Талдықорған қаласында Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі Қаныш Төлеушин мен Жетісу өңірінің тұрғындары арасында цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және өңірдің IT-инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне арналған кездесу өтті. Іс-шараға телекоммуникациялар комитетінің, мемлекеттік қызметтердің өкілдері, сондай-ақ, жеке және онлайн түрде келген жергілікті тұрғындар қатысты.

Отырыстың басты назары министрлік жұмысының негізгі бағыттары: мемлекеттік қызметтерді жетілдіру, IT секторды дамыту және Жетісу өңірінде «Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру болды. Бірінші вице-министр Қаныш Төлеушин атап өткендей, цифрландыру қазақстандықтардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды: мемлекеттік қызметтердің 92 пайызы онлайн қолжетімді, оның 90 пайызы смартфондар арқылы көрсетіледі, цифрлық құжаттама қызметі 2024 жылы 292 миллион рет пайдаланылды. Жетісу өңірінде 2025 жылдың бірінші тоқсанында 127 428 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 28 924-і Connection Points арқылы көрсетілген. Автоматтандырылған туу және мектепке қабылдау құжаттарын рәсімдеу сияқты проактивті қызметтер



бюрократиялық кедергілерді жояды, ал Әлеуметтік әмиян жәрдемақылардың ашық жеткізілуін қамтамасыз етеді, оның ішінде 5 миллион мектеп түскі ас және 6,5 миллион дәрі-дәрмек рецепті.

Аймақта IT-экожүйе және коммуникация инфрақұрылымы белсенді дамып келеді. Аймақтық IT хабы Jetisu Digital екі жылда 124 іс-шара өткізіп, 2 мыңнан астам адамды заманауи технологияларға оқытты. Облыстағы 315 мектептің барлығы интернет желісіне қосылған, ауылдардың 95,4 пайызы (350-нің 334-і) желіге қосылған, Талдықорғанда 5G 29 базалық станциямен жұмыс істейді. 2025 жылда 20 ауылды талшықты-оптикалық байланысқа қосу және 307 жаңа бейнебақылау камераларын, оның ішінде 87 интеллектуалды функциялармен орнату жоспарлануда. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы облыстағы 158 ауылды оптикалық байланы-

спен, ал аз қоныстанған 15 елді мекенді спутниктік интернетпен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, министрлік байланыс сапасына бақылауды күшейтіп, операторларға 2025 жылы 70 млн. теңге көлемінде айыппұл салып, оның ішінде Талдықорған қаласында 1 тексеру жүргізілді.

Кездесу ашық диалогпен аяқталды, онда тұрғындар көкейде жүрген сұрақтарын қойып, интернет сапасы мен мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қоса алғанда, өзекті мәселелерді талқылады. Министрлік азаматтарды реформалар туралы ақпараттандыру және өңірлік мәселелерді бірлесіп шешу, Қазақстанның цифрлық әлеуетін нығайту мақсатында осындай кездесулерді жалғастырады.

Дереккөз: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми сайты.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ -
ҰЛТТЫҢ ТІЛІ**

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсеңіз ең қуаттысы - тіл», - деген Ахмет Байтұрсынов.

Тіл - халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Тіліміздің мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз.

Тіл меңгеруде ата - ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат.

«Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» деген тәмсіл бар халқымызда. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақ тілі - тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл - ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт деп ойлаймын. Тіл - адамдар арасындағы қарым - қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымының, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың



құралы. Тіл ақылдың - өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер - білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс - әрекетінің, қарым - қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Тіл байлығын игеру - ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі - ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да - тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар.

Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл - ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры - баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгірт.

Тілдерді дамыту - елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тама - тама тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз.

Тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Демек, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып білуі тиіс.

Тіл мәртебесі - ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

Сарқытбек РАХЫМБЕКОВ,
Көкезек ауылдық мәдениет
үйінің директоры.

Жобаның табысты жүзеге асуына қолдау көрсеткен:

- Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Түстікбаев Ілияс Нұрболұлына,
- Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі менторлық жобалық кеңсе басшысы Сағынай Дәулет Абайұлына айырықша алғысымызды білдіреміз.

Менторымыздың атқарған әрбір ісі - жас ұрпақтың болашағына бағытталған ізгілікті қадам. Осындай азаматтық жауапкершілікті серік еткен, жаңашыл жобаларды табандылықпен іске асыратын мамандардың көп болғаны - қоғам дамуының кепілі.

Ардақ ҚЫДЫРМАНОВА,
Ж.Сыдықов атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН МЕНТОР**

(Ж.СЫДЫҚОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ЖАРҚЫН ТӘЖІРИБЕ)

- Зорлық-зомбылық пен жыныстық қол сұғылмаушылықты сақтау,
- Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу,
- Суицидтің алдын алу,
- Креативті ойлауды дамыту,
- Қаржылық сауаттылық,
- Салауатты өмір салты,
- Кәсіптік бағдар мен мамандық таңдауға бағыт беру бағытында көптеген тың жобалар мен іс-шараларды іске асырды.

Мектеп оқушыларына арнап Алматы қаласындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті мен Қазақ-Британ техникалық университетіне кәсіби бағыттағы экскурсиялар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Ақсу көпсалалы колледжі, ерт сөндіру бөлімі, прокуратура, полиция, сот мекемелеріне танымдық сапарлар жасалып, оқушылар шынайы сот процесін тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Әйгерім Мырзабекқызы есепте тұрған оқушылармен, сәтсіз отбасылармен жүйелі жұмыс жүргізіп, олардың ортаға бейімделуіне себепкер болды. Сонымен қатар, ата-аналармен өзара сенімді қарым-қатынас орнатып, отбасындағы тәрбиелік ортаға оң ықпал етті. Оның менторлық шеберлігі - ата-ана мен оқушы арасындағы алтын көпірге айналды деуге толық негіз бар.



Бүгінгі таңда жас ұрпақтың құқықтық сауатын арттыру, олардың қауіпсіз ортада білім алуын қамтамасыз ету - қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы орайда, Жетісу облысында жүзеге асырылып жатқан Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі менторлық жоба білім беру саласына тың серпін әкелді. Аталған жобаның нәтижелі жүзеге асуына қолдау білдіріп, жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаевқа зор алғысымызды білдіреміз.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Ж.Сыдықов атындағы орта мектепте аталған жобаны жүзеге асырып келе жатқан ментор Қабыдрахман Әйгерім Мырзабекқызының жұмысы - көпке үлгі. Ол 9 бағыт бойынша:

- Құқық бұзушылықтың алдын алу,
- Буллинг пен кибербуллингке қарсы іс-қимыл,

ЕГІНСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ДИХАНБАЕВ СЕРІК ЖЕКЕБАТЫРҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, **ДИХАНБАЕВ Серік Жекебатырұлы** 1991 жылы 07 қазанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Егінсу ауылында дүниеге келдім.

1998 - 2009 жылдар аралығында Егінсу ауылындағы Егінсу орта мектебін аяқтадым. Білімім жоғары. Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті мен Ө.А.Жолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясында білім алдым.

2014 жылдың 10 наурыз айынан 20 сәуір айы аралығында ҚР КМ ӨТМ ҚК Алматы филиалы жанындағы әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасын оқыдым.

2014 жылы 18 тамыз айынан 2020 жылдың 4 мамырына дейін Ақсу ауданы, «Егінсу ауылдық округі әкім аппараты» мемлекеттік мекемесіне жетекші маман болып қызмет істедім. Қазіргі таңда «Жанаш» шаруа қожалығына басшылық қызметін атқарамын.

Отбасылымын, 2 бала тәрбиелеудемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Егінсу ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асырылуы;
- Ауылшаруашылығы саласы бойынша округте жұмыстарды жандандыру;
- Шабындық, жайылым жерлердің мәселелерін шешу;
- Ирригациялық каналдарды заңдастыру және тазалау жұмыстарын жүргізу;
- Егінсу елді мекенде малға шөп шабатын шабындық жерлерге су жеткізуге ықпал ету;
- Мәдени-көпшілік спорттық іс-шаралар ұйымдастыру, спортпен шұғылданатын адамдардың санын арттыру;
- Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға алу;
- Егінсу ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал ету;
- Ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету, мемлекеттік гранттарға қатысуға акпараттық жәрдемдесуге;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысу;
- Ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысу;
- Егінсу ауылына балалар ойын алаңының салынуына ықпал ету;
- Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, жалпы ауыл шаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстау;
- Ауылда салынған шағын футбол алаңдарының қайта жөндеуден өтуіне ықпал ету;
- Егінсу ауылдық округіне қарасты каналдардың тазалануына, жасалуына, заңдастырылуына қаржы бөлінуіне ықпал ету;
- Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Егінсу ауылдық округтегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын.

Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

ЕГІНСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЖАЙНАРБЕКОВ ӘДІЛЕТ ТӨЛЕУҒАЛИҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, **ЖАЙНАРБЕКОВ Әділет Төлеуғалиұлы**, 1983 жылы 2 сәуірде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Есеболатов ауылында дүниеге келдім.

Мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек жолымды 2012 жылдан бастадым. Қазіргі таңда Есеболатов ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман – салық инспекторы ретінде қызмет атқарып келемін. Жинаған тәжірибемді шынайы сүйіспеншілігімді ел игілігіне жұмсауға ниеттімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Әкім болу – үлкен жауапкершілік. Бұл – халық сенімі мен нақты істердің үйлесімі. Осы орайда төмендегі бағыттарға ерекше назар аударуды көздеймін:

Ашықтық пен жауапкершілік:
Әкімдік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарымен жүйелі түрде есеп беру кездесулерін өткізу, халықтың ұсыныс-пікірлеріне жедел жауап беру жүйесін енгізу.

Экономикалық серпін:
Шаруа қожалықтарының дамуына жағдай жасау, ауыл кәсіпкерлеріне кеңес беру, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қолжетімділікті арттыру.

Инфрақұрылымды дамыту:
Ауыл ішкі жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, ауызсу жүйелерін жаңғырту мәселелерін кезең-кезеңімен шешу.

Салық тәртібін оңтайландыру:
Тұрғындардың салық мәселесіне қатысты сауаттылығын арттыру, салықтық міндеттемелердің әділ және жеңілдетілген жолмен орындалуына көмек көрсету.

Әлеуметтік қолдау:
Көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету тетіктерін жетілдіру. Мемлекеттік гранттар мен жәрдемақыларға қатысу мүмкіндігін арттыру.

Жастармен жұмыс:
Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорттық және мәдени шараларға тарту, жұмыспен қамтудың жаңа мүмкіндіктерін ұсыну.

Экология және тазалық:
Ауыл аумағында санитарлық тазалықты күшейту, ағаш егу, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру.

Білім мен мәдениет:
Мектеп және балабақша жағдайына тұрақты бақылау, оқушылар мен мұғалімдерге қолдау көрсету. Кітапхана, мәдениет үйі жұмыстарын дамыту.

Қауіпсіздік пен тәртіп:
Ауыл ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау, учаскелік полициямен тығыз байланыс орнатып, қауіпсіз орта қалыптастыру.

Құрметті ауыл тұрғындары!

Сіздердің сенімдеріңіз – мен үшін үлкен аманат. Егер де маған қолдау білдіріп, алдағы сайлауда дауыс берсеңіздер, Егінсу ауылының көркеюіне, тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған істерді бірге жүзеге асырамыз!

ЕГІНСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ҚАСЫМОВ АЗАМАТ САЯТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Қасымов Азамат Саятұлы, 1984 жылы дүниеге келгенмін, мемлекеттік қызметтің әртүрлі сатыларында 15 жылдан астам тәжірибем бар, ауылдық округтердің тыныс - тіршілігін, мәселелері мен әлеуетін жақсы білемін.

Егінсу ауылдық округінің дамуына шынайы үлес қосу – менің азаматтық борышым деп білемін.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

1. Ауылшаруашылығын дамыту
• Егінсу ауылдық округінің басты тірегі – мал шаруашылығы.

• Ауыл тұрғындарына агротехникалық білім беру, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру жүйесін жетілдіремін.

• Субсидия алу тетіктерін қарапайым әрі қолжетімді етуге күш саламын.

2. Инфрақұрылымды жаңарту
• Ішкі ауыл жолдарын кезең-кезеңімен жөндеуді жоспарлаймын.

• Ауыз су және көріз жүйелерін жаңғырту бойынша тиісті жобаларды көтеремін.

• Электр жарығы, интернет, ұялы байланыс сапасын жақсартуға облыстық деңгейде мәселе қоямын.

3. Жастар мен спорт
• Жастарды жұмыспен қамту бойынша жеке жоспар әзірлеймін (мамандар тарту, жастар практикасы, гранттар).

• Спорттық алаңдар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру бағытында нақты жобалар ұсынамын.

4. Әлеуметтік қолдау мен білім
• Әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналарға нақты көмек көрсету тетіктерін жүйелеймін.

• Мектеп, инфрақұрылымына ерекше мән беремін.

• Ұстаздардың, медицина қызметкерлерінің тұрмыс жағдайына қолдау көрсету бастамаларын қолдаймын.

5. Тұрғындармен ашық байланыс
• Әкім ретінде халықпен тікелей және ашық жұмыс істеймін – айына кемінде бір рет қоғамдық қабылдау өткіземін.

• «Ашық әкімдік» қағидасын енгіземін: әр мәселе – тіркеуде, әр сұрақ – назарда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Менің өмірлік және кәсіби тәжірибем Егінсу ауылдық округін жаңа деңгейге көтеруге жеткілікті. Халықпен бірлесіп отырып, жүйелі және әділ жұмыс жүргіземін. Әр отбасы, әр тұрғын – менің бағдарламамның өзегі.

ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ШАЙЫҚОВ МАРАТ ӨМІРСЕРІКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, **ШАЙЫҚОВ Марат Өмірсерікұлы** 1983 жылы 21 ақпанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келдім. 1990 жылы Қаракөз ауылындағы Қызылорақ орта мектепке 1-ші сыныпқа қабылданып, 2000 жылы 11-ші сыныпты бітірдім.

Білімім жоғары — Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 2019 жылы толық бітірдім.

2006 - 2009 жылдары Астана қаласында ЖШС «Капстрой» құрлыс фирмасында сылақшы,

2009 - 2010 жылдары Астана қаласында ЖШС «Базис» құрылыс фирмасында сылақшы, 2011 жылы Қаракөз ауылында Ветеринариялық дәрігердің көмекшісі,

2012 жылы Ақсу ауданы Қаракөз ауылының ветеринариялық пунктін жетекші маманы, 2015 жылдан қазіргі таңға дейін Қаракөз ауылдық округінің Ветеринариялық пунктін басшысы қызметін атқарамын.

2022 жылдан бері «Алинұр» шаруа қожалығының басшысымын.

Отбасылымын, 7 бала тәрбиелеудемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Қаракөз ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

• Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асырылуы;

• Ауылшаруашылығы саласы бойынша жұмыстарды қайта жандандыру;

• Суармалы жайылым жерлердің мәселелерін шешуін ықпал ететін;

• Мәдени-көпшілік спорттық іс-шаралар ұйымдастыру, спортпен шұғылданатын адамдардың санын арттыруға ықпал ететін;

• Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға аламын;

• Қаракөз ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал ететін;

• Ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету, мемлекеттік гранттарға қатысуға акпараттық жәрдемдесуге ықпал ететін;

• Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысу;

• Ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысымын;

• Ақсу-Қаракөз тас жолын күрделі жөндеуден өтуіне ықпал ететін;

• Қаракөз ауылында интернет желісінің төмендігіне байланысты антенна орнатуға ықпал ететін;

• Қаракөз ауылында салынып жатқан ФАП құрылысын бақылауға алып, сапалы аяқталуына ықпал ететін;

• Қаракөз, Кеңқарын ауылына балалар ойын алаңының салынуына ықпал ететін;

• Қаракөз, Кеңқарын елді - мекендерінің экономикалық даму мақсатында инвестиция тартуға ықпал ететін;

• Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту, жалпы ауылшаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстау;

• Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Қаракөз, Кеңқарын ауылдарындағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

**ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР
ЖАНАБАЕВ АСЛАН
ИІСБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Мен **ЖАНАБАЕВ Аслан Иісбекұлы**, 24 маусым 1986 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Кеңжыра ауылында дүниеге келдім.

2011 - 2012 Еңбек жолымды Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып жұмыс атқардым.

2012 - 2013 Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі болып жұмыс атқардым.

2013 - 2020 Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман, салық инспекторы болып жұмыс атқардым.

2020 жылы Қарасу ауылдық округі әкімі уақытша міндетін атқарушы болып жұмыс атқардым.

2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман, салық инспекторы болып жұмыс атқарып келем.



**ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР
ЖАНАБАЕВ АСЛАН
ИІСБЕКҰЛЫНЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:**

Қаракөз ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының орындалуына атсалысу;

- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға алу;

- Қаракөз ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік экономикалық даму мәселесін шешуге ықпал ету;

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысу;

- ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, ел жандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысу;

- Ақсу — Қаракөз ауылдарының арасындағы автомобиль жолдарының орташа жөндеуіне ықпал ету;

Құрметті сайлаушылар!
Алдағы уақытта Қаракөз ауылдық округінің мәселелерін оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер.

**ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
САЙЛАУЫНА ҮМІТКЕР КӨПЕЛБАЕВ
ДАСТАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**



Құрметті Қаракөз ауылдық округінің сайлаушылары!

Мен Көпелбаев Дастан Кенжебекұлы осы ауылдың тумасымын. 1987 жылдың 8 қаңтарында Ақсу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келдім. 2004 жылы Ақсу ауданындағы қазіргі Мамания (Ы.Алтынсарин) атындағы орта мектебін тәмамдап, 2009 жылы Талдықорған қаласындағы Ө.Жолдасбеков атындағы институтты «Қаржыгер» мамандығы бойынша бітірдім. 2009-2011 жылдары Алматы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасында жетекші маман болып қызмет атқардым. 2011-2012 жылдары Ақсу ауданы, Есеболатов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, 2012-2015 жылдары Ақсу ауылдық округі аппаратының бас маманы, бас маман-есепшісі болып жұмыс істедім. 2017 жылдың тамыз айынан бері Қаракөз ауылдық округі әкімі қызметіндемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ауылхалқымын тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, жинақталған тәжірибемді, білімімді, барлық күш-жігерімді сала отырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық мәселелердің дұрыс шешілуіне, ауыл халқының тұрмысының жақсаруына атсалысу мақсатында ауылдық округ әкімі сайлауына түсіп отырмын.

Бағдарламадағы басты бағыттар:

- Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен Жолдауларын, азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарын, елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын жүзеге асыруға;

- Әлеуметтік тұрмыс аз қамтылған отбасылардың тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында шаралар қолдану және жаңа жұмыс орындарын ашылуына ықпал ету;

- Қаракөз, Кеңғарын елді - мекендерінің ауылшаруашылығы саласы бойынша ауылдағы шаруа қожалықтары және жеке кәсіпкерлердің шешілмей жүрген мәселелеріне ықпал ету;

- Қаракөз, Кеңғарын елді - мекендеріне түнгі жарық шамдарын орнатуға;

- Елді - мекендерінің ішкі көше жолдарын орташа жөндеуден өткізуге;

- Кеңғарын ауылындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және мәдениет үйінің құжаттарын заңдастыруға ықпал ету;

- Қаракөз, Кеңғарын елді - мекендерінің ішкі арық жүйелерін жөндеуге ықпал ету;

- Қаракөз ауылдық округі бойынша игерілмеген суғарылмалы, жайылым, шабындық жерлерін аудандық қорға өткізіп, жер конкурсы арқылы ауыл тұрғындарына беру;

- Елді - мекендерге балаларға арналған ойын алаңын салуға ықпал ету;

- Елді - мекендердегі ұялы байланыс және интернет жүйесін жақсарту жұмыстарын жүргізу;

- Елді - мекендердегі каналдарды жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;

- Егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, ветеринариялық саласының жақсаруына жұмыс ұйымдастыру;

- Ауыл азаматтарымен бірлесе отырып, ауылды көріктендіру, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- Округтің жастарымен бірлесе отырып, спорттың жан-жақты дамуына қолдау көрсетемін.

Құрметті ауылдастар!

Маған осы мәселелерді шешу үшін Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз қажет!



**ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР РАХМАНОВ
АСХАТ ӘНУАРҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**



Мен **РАХМАНОВ Асхат Әнуарұлы** 08 қыркүйек 1986 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім.

2010-2011 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында №10810 әскери бөліміне әскери борышымды атқардым.

2012 жылы 01 шілдеде "Есеболатов ауылдық округі әкімі аппаратының" мемлекеттік мекемесінің компьютер бағдарламашы қызметіне тағайындалдым.

2012 жылы 13 қазанында Құрақсу ауылдық округі әкімі аппаратының компьютерлік бағдарламашы лауазымына қабылдандым.

2012 жылдың 04 желтоқсанда конкурс нәтижесінде "Ақсу аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып тағайындалдым.

2013 жылдың 19 ақпаннан бастап "Ақсу аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы лауазымына тағайындалдым.

2021 жылдың 31 желтоқсанынан бастап "Ақсу аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы лауазымына тағайындалдым.

2024 жылдың 18 қаңтардан бастап, "Ақсу ауданы әкімі аппаратының" мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімшесінің басшысы болып тағайындалдым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
Қаракөз ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде қатысып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- "AMANAT" партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге;

- мәдениет саласындағы мәселелердің шешімін табуға;

- жастарға қолдау көрсетуге және әртүрлі шаралар өткізуге;

- ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға ықпал ететін.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!



**ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ОСПАНОВ
ІЛИЯС МҰРАТҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ**



Мен **Оспанов Ілияс Мұратұлы** 06 маусым 1984 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім.

2008 жылғы 14 мамырда «Алматы облысы Әділет департаментінің Ақсу ауданының Әділет басқармасы» ММ инспектор лауазымына тағайындалдым.

2016 жылғы 6 маусымда «Алматы облысы Әділет департаментінің Ақсу ауданының Әділет басқармасы» ММ инспектор лауазымына қабылдандым.

2017 жылдың 2 қазанында «Ақсу Қант» ЖШС-на заңгер лауазымына тағайындалдым.

2019 жылдың 21 қазанынан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» МК» коммерциялық емес АҚ Алматы облысы бойынша филиалының Ақсу аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің маман - тіркеушісі қызметіне тағайындалдым.

2021 жылдың 06 желтоқсанынан Ақсу ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, мемлекеттік - құқықтық бөлімшесінің бас маман - заңгері болып қызмет атқарамын. Жанұялымын, 2 баланың әкесімін.

**ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ОСПАНОВ
ІЛИЯС МҰРАТҰЛЫНЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА**

Қарашілік ауылдық округіне үміткер ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын жүзеге асыруға;

- 2023 - 2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асуының орындалуына;

- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға алуға;

- Қарашілік ауылдық округіне қарасты елді - мекендердің әлеуметтік - экономикалық даму мәселесін шешуге ықпал етуге, соның ішінде:

- Бүйен су қоймасын салуға бюджеттен қаржы бөлінуіне;

- Сағабүйен елді мекендерінің ішкі көше жолдарын жөндеуге;

- Қарашілік ауылдарында медициналық пункттің салынуына;

- Сағабүйен ауылындағы саз мектебінің жаңа құрылысының жүргізілуіне;

- Елді - мекендердегі игерілмей қатқан суармалы, жайылым жерлерді зат аясында мемлекет меншігіне қайтаруға және суармалы каналдарды талапқа сай қалпына келтіруге;

Сонымен бірге тұрмысы төмен жанұяларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге, көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекет тарапынан берілетін мақсатты көмекті алу жұмыстарын түсіндіру мен демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыруға;

- білім, денсаулық, мәдениет саласы бойынша тиісті мекеме ұжымымен талқылап, шешуге ықпал етуге;

- жастармен бірлесе отырып оларды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді бірлесе шешуге, жастар саясатының іске асуына ықпал етуге, оларға қолдау көрсету бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға;

- тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесу;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге;

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта ауылымыздың біраз жұмыстардың оң шешілуіне өз үлесімді қосамын деп ойлаймын.

Сіздерді 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскесіне келіп маған қолдау білдіріңіздер, осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыру жолында еңбек ететін боламын.

ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР САҚМОЛДИН
ЖАНАТ ТҰРАРБЕКҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, **САҚМОЛДИН ЖАНАТ Тұрарбекұлы**, 1972 жылы, 25 қарашада Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. 1998 жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «кәсіптік-оқыту» мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 1999-2009 жылдары Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылында, Қарашілік негізгі мектебінде технология пәнінің мұғалімі бойынша жұмыс атқардым. 2009-2011 жылдар аралығында Алматы облысы, Талдықорған қаласында №21751 әскери бөлімінде келісім шарт бойынша қызмет атқардым. 2013-2014 жылдары Алматы облысы, Талдықорған қаласы, облыстық әдістемелік кабинетінің әдіскері, 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қарашілік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып жұмыс істеймін.

Жанұялымын, 3 баланың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Қарашілік ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік - құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асыру;
- Қарашілік ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы болғандықтан ауылшаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал ететін;
- Мал шаруашылығын одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара малдарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын;
- Егін шаруашылығын заманауи агротехникалық бағытта дамуына жұмыс жүргіземін және халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс бағытта пайдалануын қадағалаймын;
- «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін. (Мал бордақылау алаңдары, тігін цехы, шаштараз.)
- Ауылға білім және медицина саласына білікті маманның келуіне ықпал ететін.
- Суармалы жерлерді кеңейту мақсатында жұмыстар атқаратын боламын;
- Жергілікті қоғамдық кеңесімен кенесе отырып, ауылдың өзекті мәселелерін шешуді ұйымдастырамын;
- Ауыл жастарымен әртүрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысамын;
- Сағабүйен, Сағакүрес ауыз су мәселесінің ағымды жөндеуіне ықпал ететін;
- Ауылда салынған шағын футбол алаңдарының ағымды жөндеу жұмыстарына ықпал ететін;
- Қарашілік, Сағабүйен елді - мекен аралығында аялдама салу жоспарын орындауына ықпал ететін;
- Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға аламын;
- Қарашілік ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал ететін;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысамын;
- Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту, жалпы ауылшаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстаймын;
- Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.
- **Құрметті сайлаушылар!** Алдағы уақытта Қарашілік ауылдық округіндегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскілеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

ҚАРАШІЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ХАЛЕЛ
АЙДЫН АЛПЫСБЕКҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен **ХАЛЕЛ Айдын Алпысбекұлы** 1994 жылдың 22-ші сәуірінде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштер қатарына 2014-2015 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында №5518 әскери бөлімінде әскери борышымды қатардағы жауынгер болып өтеп келдім.

2016 жылдың 01-ші сәуірінен Алматы облысы, Ақсу ауданы, «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне «Жастар практикасы» -нан өтуге қабылдандым.

2016 жылдың 01-ші қазанында «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінен өз еркіммен жұмыстан босатылдым. 2016 жылдың 02-ші желтоқсанында «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне компьютерлік бағдарламашы қызметіне қабылдандым.

2018 жылдың 01-ші маусымында «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің компьютерлік бағдарламашы қызметінен өз еркіммен жұмыстан босатылдым.

2018 жылдың 20 - шы шілдесінде «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің уақытша бас маман – салық инспекторы лауазымына тағайындалдым.

2018 жылдың 30-шы қазанында «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман – салық инспекторы қызметіне тағайындалдым. Жанұялымын, 2 баланың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қарашілік ауылдық округіне үміткер ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын жүзеге асыруға;
- 2023-2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асуының орындалуына;
- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға алуға;
- Қарашілік ауылдық округіне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесіне шешуге ықпал етуге, соның ішінде:
- Елді мекендерінің ішкі көше жолдарын жөндеуге;
- Қарашілік ауылдарында медициналық пункттің салынуына;
- Елді мекендердегі игерілмей жатқан суармалы, жайылым жерлерді заң аясында мемлекет меншігіне қайтаруға және суармалы каналдарды талапқа сай қалпына келтіруге;
- Сонымен бірге тұрмысы төмен жанұяларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге, көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекет тарапынан берілетін мақсатты көмекті алу жұмыстарын түсіндіру мен демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыруға;
- білім, денсаулық, мәдениет саласы бойынша тиісті мекеме ұжымымен талқылап, шешуге ықпал етуге;
- жастармен бірлесе отырып оларды толғандырып жүрген өзекті мәселелерді бірлесе шешуге, жастар саясатының іске асуына ықпал етуге, оларға қолдау көрсету бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.
- ауыл тұрғындарының тұрмыс - тіршілігін жақсартуға;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз ету;
- **Құрметті сайлаушылар!** Алдағы уақытта Қарашілік ауылдық округіндегі мәселелерін оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

МОЛАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ҚАЛИЕВ
ТАЛҒАТ КӨШЕРБАЙҰЛЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен **ҚАЛИЕВ Талғат Көшербайұлы** 11.02.1977 жылы туғам, туған жерім Алматы облысы, Ақсу ауданы ауданы, Жансүгіров ауылы. 2019 жылдың 10 қыркүйегінен «Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы міндетін уақытша 2020 жылдың 11 маусымға дейін атқардым. 2020 жылдың 12 маусымынан бастап «Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маман лауазымына тағайындалдым. 2024 жылдың 17 қаңтарда өз еркімнен жұмыстан босатылдым. 2024 жылдың 17 қаңтардан бастап "Ақсу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің басшысы лауазымына тағайындалып ол жерде 2024 жылдың тамыз айының 08-не дейін қызмет атқардым. 2024 жылдың тамыз айының 09-нан бастап "Ақсу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімшесінің бас инспекторы лауазымында қызмет атқарудамын.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

Әкім болу – үлкен жауапкершілік. Бұл – халық сенімі мен нақты істердің үйлесімі. Осы орайда төмендегі бағыттарға ерекше назар аударуды көздемін:

Ашықтық пен жауапкершілік:

Әкімдік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарымен жүйелі түрде есеп беру кездесулерін өткізу, халықтың ұсыныс-пікірлеріне жедел жауап беру жүйесін енгізу.

Экономикалық серпін:

Шаруа қожалықтарының дамуына жағдай жасау, ауыл кәсіпкерлеріне кеңес беру, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қол жетімділікті арттыру.

Инфрақұрылымды дамыту:

Ауыл ішлік жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, ауыссу жүйелерін жаңғырту мәселелерін кезең-кезеңімен шешу.

Салық тәртібін оңтайландыру:

Тұрғындардың салық мәселесіне қатысты сауаттылығын арттыру, салықтық міндеттемелердің әділ және жеңілдетілген жолмен орындалуына көмек көрсету.

Әлеуметтік қолдау:

Көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету тетіктерін жетілдіру. Мемлекеттік гранттар мен жәрдемақыларға қатысу мүмкіндігін арттыру.

Жастармен жұмыс:

Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорттық және мәдени шараларға тарту, жұмыспен қамтудың жаңа мүмкіндіктерін ұсыну.

Экология және тазалық:

Ауыл аумағында санитарлық тазалықты күшейту, ағаш егу, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру.

Білім мен мәдениет:

Мектеп және балабақша жағдайына тұрақты бақылау, оқушылар мен мұғалімдерге қолдау көрсету. Кітапхана, мәдениет үйі жұмыстарын дамыту.

Қауіпсіздік пен тәртіп:

Ауыл ішіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау, ұшаскелік полициямен тығыз байланыс орна-тып, қауіпсіз орта қалыптастыру.

Құрметті ауыл тұрғындары!

Сіздердің сенімдеріңіз – мен үшін үлкен аманат. Егер де маған қолдау білдіріп, алдағы сайлауда дауыс берсеңіздер, Молалы ауылының көркеюіне, тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған істерді бірге жүзеге асырамыз!

МОЛАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР НУРУМГАЗИНА
ГҮЛМИРА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫНЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен **НУРУМГАЗИНА ГҮЛМИРА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ** 1984 жылы 10 ақпанында Павлодар облысы, Ақсу қаласында дүниеге келдім.

04.07.2012 – 30.09.2014 - «Нұр - Мәстер - Самұқ» ЖШС-не заңгер ретінде жұмыс атқардым.

29.11.2017 жылы Жансүгіров ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман іс - жүргізушінің міндетін атқарушы болып қабылдандым.

10.04.2018 жылы Жансүгіров ауылдық округ әкімі аппаратының жетекші маманы лауазымына тағайындалдым.

15.07.2019 жыл жетекші маман лауазымынан бас маман лауазымына ауысып, осы уақытқа дейін Жансүгіров ауылдық округ аппаратының бас маманы болып қызмет етемін.

**МОЛАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР НУРУМГАЗИНА
ГҮЛМИРА ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫНЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:**

Мен, алдағы уақытта төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруды жоспарлаймын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;
- Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға;
- Ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасылардың әлеуметтік қорғалуына көмектесуге;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- Ауыл жастарына әр түрлі деңгейде шаралар өткізіп, патриоттық және мәдени тәрбие беруге;
- Мәдениет саласындағы мәселелерді шешуге;
- Жастарға қолдау көрсету және әр түрлі шаралар ұйымдастыруға;
- Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар ұйымдастыруға.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, мен осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімді салатын боламын!



МОЛАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ХАЙМУЛДАНОВ
ЕДІЛХАН ЕРХАНҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, **ХАЙМУЛДАНОВ Еділхан Ерханұлы**, 1979 жылы 07 ақпанда Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Алмалы ауылында дүниеге келдім.

1985 – 1994 жылдары Алажиде орта мектебін тәмамдап, 1994 - 1998 оқу жылында Талдықорған экономика технологиялық колледжі ветеринар мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықтым.

2001 - 2005 жылдары Қазақстан Еңбек және Өлеуметтік қатынастар академиясының құқықтану мамандығы бойынша бітірдім. Білімім жоғары.

1998 - 2005 жылдары Шекара мен Көліктегі Ветеринариялық Қадағалау Бас Басқармасының ветеринариялық бақылау бекетінің қызметкері Талдықорған қаласында, 1999 - 2008 жылдары «Хаймұлданданов» шаруа қожалығы мал дәргері, 2008 - 2009 жылдары Мамандандырылған күзет қызметі басқармасын МҚКБ Қаратал ауданы Үштөбе қаласы, 2009 - 2021 жылдары Алматы облысы Жол Патрульдік Полициясы Аға инспекторы, 2021 жылдан бастап қазіргі таңда «Хаймұлданданов» шаруа қожалығының басшысы қызметін атқарамын.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеудемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Молалы ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде ел мүддесіне қызмет атқаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып, мына мәселелерге назар аударамын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асырылуы;

- Ауылшаруашылығы саласы бойынша округте жұмыстарды қайта жандандыру;
- Жайылым жерлердің мәселелерін шешу;
- «Таза Қазақстан» бағдарламасының жұмыстарын жүзеге асынуына ықпал етемің;
- Молалы ауылына антенна орнатылуына ықпал етемің;
- Мәдени-көпшілік спорттық іс-шаралар ұйымдастыру, спортпен шұғылданатын адамдардың санын арттырамын;
- Мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға аламын;
- Молалы ауылдық округіне қарасты елді мекендердің өлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге ықпал етемің;
- Ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының өлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету, мемлекеттік гранттарға қатысуға ақпараттық жәрдемдесуге;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға өлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысамын;
- Ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, елжандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысамын;
- Ауыл тұрғындарына арналған жеңілдетілген несие, заманауи агротехнологияларды енгізу, мал шаруашылығын дамыту, жалпы ауыл шаруашылығы саласының дамуын басты назарда ұстау;
- Молалы ауылында орналасқан М. Әуезов атындағы орта мектебіне ағымдағы жөндеу жұмыстарының жүргізуіне ықпал етемің;
- Молалы ауылына дейін автожол сапасының төмендігіне байланысты 2024 жылы бюджеттік өтінімі берілген, осы жол ағымды жөндеуін бақылауға алып, уақытылы орындалуына ықпал етемің;
- Ағаш отырғызу, ауыл аумағында экологиялық жағдайды жақсартатын шаралар қабылдауға атсалысамын.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта Молалы ауылдық округінің мәселелерін оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 15 маусым күні сайлау учаскелеріне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!

ӨЛКЕНІҢ ГҮЛ ЖАЙНАҒАН
БАЛҒЫНДАРЫ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні – күллі әлем бойынша балалардың құқықтарын қорғауға, олардың денсаулығы мен амандығына көңіл бөлуге арналған маңызды күн. Бұл мереке жыл сайын көптеген елдерде атап өтіліп, балаларға ерекше көңіл бөлінетін шуақты сәтке айналады.

Кітапханалар – тек білім мен мәдениеттің ордасы ғана емес, сонымен қатар балалар тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын мекеме. Балаларға кітап оқуға деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты ояту – олардың рухани дамуының алғашқы қадамы. Осыған орай кітапханада «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты тақырыптық сағат өткізілді. «Ертегілер еліне саяхат» атты кітап көрмесі жасалып, кітаптарға библиографиялық шолу жасалды. Балалар көптеген өлеңдер оқып, әндер айтты.

Балалар әдебиеті – бала санасын қалыптастырып, адамгершілік пен ізгілікке баулитын баға жетпес рухани қазына. Қазақ балалар әдебиеті – Байзақ Кәлменов, Мұзафар Әлімбаев, Ыдырыс Түсіпбаев, Бердібек Соқпақбаев сынды қаламгерлердің шығармаларымен бай. Осындай әдебиеттер арқылы кітапханалар жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік нұрын себуге.

Қорытындылай келе, кітапхана – балаға тек білім емес, болашаққа деген үміт пен шабыт сыйлайтын мәдени орталық. Әр бала – кітап парағындай ашылмаған, танылмаған әлем. Сол әлемге жол ашатын да – кітап пен кітапхана.

Балаларға білім мен мейірім сыйлайық! Кітап арқылы болашаққа жол ашайық!

Г.БАРЫСОВА,

Молалы ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных обсуждений по рассмотрению материалов проекта «Генеральный план, совмещённый с проектом детальной планировки села Жансугуров Аксуского района области Жетісу. Корректировка.». Желающих участников просим заблаговременно обратиться в ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Аксуского района» по телефону: 8 (72832) 2-12-62.

Собрание общественного обсуждения состоится 01 июля 2025 г. по адресу: с.Жансугуров, улица Желтоқсан, 5д, в здании «Аппарат Акима Аксуского района» в 11 ч.00 м.

Разработчик проекта - ТОО «Табрис».

Тел: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru

АҚСУ АУДАНЫНДА «АҚСУ ЖСК» ЖШС-Ң ӨТІНІМІ
БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2025 жылғы 3-4 шілдеде «Ақсу ЖСК» ЖШС-ң суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф және тарифтік смета жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау 2025 жылдың 2 шілдеде:

сағат 9.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылы, Омар Шәріп көшесі, 18.

сағат 11.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Алыбаев көшесі, 7.

сағат 14.00-да Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылы, 15 ж.мерекесі көшесі, 71.

сағат 16.30-да Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгір ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 24.

Жария тыңдау 2025 жылдың 3 шілдеде:

сағат 9.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылы, Жастар көшесі, 29.

сағат 11.30-да Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Матай ауылы, Қисабек көшесі, 19.

сағат 14.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылы, Өділбек көшесі, 12.

сағат 16.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Сырттанов ауылы, Шоқан Уалиханов көшесі, 1.

Жария тыңдау 2025 жылдың 4 шілдеде:

сағат 9.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Есеболатов көшесі, 19.

сағат 11.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, 23.

сағат 12.30-да Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жаңалық ауылы, Диханбай көшесі, 1.

сағат 15.30-да Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Кеңжыра ауылы, Әкімшілік көшесі, 26.

сағат 17.00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Есеболатов ауылы, Алыбаев көшесі, 30.

«Ақсу ЖСК» ЖШС-ң тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар Департаменттің Facebook өлеуметтік желісіндегі ресми парақшасы арқылы онлайн режимде жария тыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз <https://www.facebook.com/profile.php?id=100086094575290>.

Анықтама үшін телефондар: Департамент – 8 (7282) 24-28-05.

В АКСУСКОМ РАЙОНЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ
СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «АКСУ ТВК»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу сообщает, что 2-4 июля 2025 года состоятся публичные слушания по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО «Аксу ТВК» на услугу подачи воды по распределительным сетям.

Публичное слушание состоится 2 июля 2025 года:

в 9.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с. Суықсай, ул.Омар Шарип 18.

в 11.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Капал, ул.Алыбаев 7.

в 14.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Кошкентал, ул. 15 ж.мерекесі 71.

в 16.30 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Жансугуров, ул.Кабанбай батыра 24.

Публичное слушание состоится 3 июля 2025 года:

в 9.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с. Кызылағаш, ул.Жастар 29.

в 11.30 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Матай, ул.Кисабек 19.

в 14.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Ойтоған, ул. Адилбек 12.

в 16.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Сырттанов, ул.Ш.Валиханова 1.

Публичное слушание состоится 4 июля 2025 года:

в 9.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Аксу, ул.Есеболатова 19.

в 11.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Каракоз, ул.Жамбыла 23.

в 12.30 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Жанаоык, ул. Диханбая 1.

в 15.30 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Кеңжыра, ул.Акимшилик 26.

в 17.00 часов по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Есеболатов, ул.Алыбаева 30.

Департамент приглашает на публичные слушания потребителей и иных заинтересованных лиц. Потребители ТОО «Аксу ТВК» и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети Facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100086094575290>.

Справки по телефонам: Департамент – 8(7282) 24-28-05

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2827

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.
Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.